



ӘОЖ 665.6;665:77

М.М. Есіркепова, А.М. Есіркепова, Ж.А. Қарабаев

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент қ.


**БИТУМДАЛҒАН ҚҰМНАН МҰНАЙ ӨНІМДЕРІНІҢ БӨЛІНУІНЕ БЕТТІК
БЕЛСЕНДІ ЗАТТАРДЫҢ ӘСЕРІН ЗЕРТТЕУ**

Қазақстан дүниежүзі бойынша мұнай державасы болып саналатын елдердің қатарына жатады. Мұнайбитум жыныстарын, мұнай және мұнай өнімдерін өндіру, өңдеу және тасымалдау жердің топырақ қабатының құнарлылығына кері әсерін тигізеді. Біздің планетамызда топырақ басқа да маңызды роль атқарады. Жердің топырақ жамылғысында және оның гумустық қабатында тірі организмдердің және олардың биогенді энергиясының негізгі бөлігі орналасқаны белгілі. Қазақстан Республикасының энергетикалық жоспары алдағы ұзақ уақытта «қара алтынды» өндіру көлемін жоғарылатуды көздейтіні белгілі. Бұл мұнай құбырларының кеңеюі мен мұнай және мұнай өнімдерін тасымалдау мөлшерінің көбеюіне әкеледі. Сондықтан жаңа апаттар мен мұнай және мұнай өнімдерінің төгілу қауіптілігін жоққа шығаруға болмайтындығын ескерген жөн. Топырақ қабаты болып жатқан процестер мен өзгерістер туралы ақпаратты жинап, қоршаған ортаның өзіндік индикаторы болып табылады. Мұнай және мұнай өнімдері биосфераны ластайтын заттар ішіндегі негізгілерінің бірі болып табылады.

Мұнаймен ластанған құм мен топырақтан мұнайды бөлудің негізгі өнеркәсіптік технологиялары: гидродинамикалық (механикалық араластыру немесе гидротранспорт), жылу (ыстық сумен және бумен араластыру) және химиялық (реагенттерді қосу) әсер ету. Қуатты ультрадыбыста әсер етудің аталған барлық түрінің мүмкіндігі белгілі бір дәрежеде екендігін айтып кеткен жөн. Ол сұйық ортаны немесе суспензияның қызуын, кавитациясын және қарқынды араласуын тудырады, сондай-ақ химиялық, жылу және масса алмасу процестерін жандандырады [1, 2]. Ультрадыбыстық тербелістер көпфазалық жүйенің әртүрлі салаларына енеді және фазааралық беттің бөлінуінің басқа әдістерін пайдаланғанда мүмкін бола бермейтін учаскелеріне, мысалы ұсақ жарықтар, жабық саңылауларға дейін жетеді [3, 4].

Мұнайбитумды жыныстардың бөлінуі және мұнай өнімдерімен ластанған топырақтарды тазарту тиімділігі мұнай құрамдас фазаның табиғатына, физика-химиялық қасиеттеріне, сондай-ақ процесс өтіп жатқан жұмыстық ерітіндідегі сілтілік агенттің типі мен концентрациясына тәуелді [5]. Битумдалған құмнан мұнай өнімдерінің бөлінуі сілтілік агент қосылған сулы ортада жақсы өтетіндігі көрсетілді, осы орайда натрий силикаты қосылған тәжірибе едәуір жақсы нәтиже де көрсеткен болатын. Болжам бойынша, ультрадыбыстың әсерінен мұнай өнімінің полярлық компоненттері мен қосылған сілтілік реактив арасында реакция болады және соның нәтижесінде беттік белсенді қасиеттерге ие бөлгіш агент түзіледі. Мұнай фазасындағы полярлық компоненттердің құрамы төмендесе түзілетін бөлгіш агент концентрациясының жеткіліксіздігіне және мұнай өнімі шығуының төмендеуіне алып келуі мүмкін. Бөлінудің осы механизмін ескере отырып, мынадай тұжырымға келуге болады жұмыс ерітіндісіне беттік белсенді заттарды қосымша ендірсек, мұнай өнімін алудың тиімділігін арттыра алады.

Битумдалған құмнан битумның шығуына беттік белсенді заттардың сан алуан түрлерін қосудың ықпалы зерттелді. Иондық беттік белсенді заттар ретінде натрий додецилсульфаты пайдаланылса, иондық емес беттік белсенді заттар ретінде поливинилпирролидон пайдаланылды. Тәжірибені беттік белсенді заттар концентрациясының диапазоны 0,05-1 мас. % болу кезінде ультрадыбыстық ваннасы бар қондырғыда жүргізді (қондырғының сипаты мен тәжірибелердің әдістемелері бұдан алдыңғы есептерде сипатталған).




1-сурет - Жұмыс ерітіндісіндегі натрий додецилсульфаты құрамының битум шығуына әсері

1 және 2-суреттерде қыздырылған натрий додецилсульфаты және поливинилпирролидон (ПВП) сулы ерітіндісінде битумның шығу кинетикасы жөніндегі нәтижелер көрсетілген. Осы суреттердегі кинетикалық қисықтарды салыстыру арқылы көріп отырғанымыздай, синтетикалық иондық емес беттік белсенді заттар дәл сол концентрация кезінде битум шығу дәрежесінен біршама жоғары болады. Онымен қоймай, екі түрдегі беттік белсенді заттар үшін ортақ заңдылықтар анықталды: 0,05-0,1 мас. %-дан 0,3 мас. %-ға дейін диапазонда ерітіндідегі беттік белсенді заттар концентрациясының артуы мен шығудың соңғы мәнін бір мезгілде азайтқан кезде, битумды алудың бастапқы жылдамдығының артуы; беттік белсенді заттар концентрациясын әрі қарай 0,5-1 мас. %-ға дейін арттырғанда битумның шығуы не өзгермейді, немесе аздап жоғарылайды (0,3 мас. % дейін). Битум шығуы мәнінің төмендеуі оның эмульсияға ауысқанымен байланысты. Бұл құбылыс жұмыс ерітіндісінің ашық түстен қара қоңырға дейін өзгеруі кезінде байқалды. Сонымен қатар беттік белсенді заттар концентрациясының артуы мұнай өнімдерімен шығатын тамшылармен бірге құмның ілесуін төмендетеді.


Битумның айтарлықтай жоғары шығуы мен құмның аз ілесуін қамтамасыз ететін тиімді концентрацияны табу керек. Ол қоспадағы битумның үлесіне және қатты фазадағы ұсақ бөлшектердің санына байланысты (негізінен, мұнай битумдалған жыныстарда осы

екі параметрлердің арасында белгілі бір үйлесім бар: битумның үлесі қаншалықты көп болса, қатты фазадағы ұсақ бөлшектердің үлесі де соғұрлым аз болады).



2-сурет – Жұмыс ерітіндісіндегі ПВП құрамының битум шығуына әсері

Шыққан нәтижелерді негізге ала отырып, натрий силикаты мен беттік белсенді заттарды аздаған концентрацияда қосқандағы екеуінің бірлескен әсерін зерттеуге шешім қабылданды. Кейбір нәтижелер силикатсыз жалғыз беттік белсенді заттардың әсерімен салыстырылып көрсетілген (3-сурет).



3-сурет - Натрий силикаты мен беттік белсенді заттардың битум шығуына бірлескен әсері

3-суреттен көріп тұрғанымыздай, беттік белсенді заттар аз концентрацияда және натрий силикатын (беттік белсенді заттар 0,05 мас. %-ға сәйкес келетін шығу қисығы беттік белсенді заттар және натрий силикатының 6 мас. %) көп концентрацияда пайдаланған кезде, битум тиімдірек және жылдамырақ бөлінеді. Беттік белсенді заттар концентрациясын 0,05 мас. % және 0,1 мас. % натрий силикатын пайдаланған кезде де битумның шығуы жоғары болды, алайда битумның бөлінуі айтарлықтай ұзақ уақытты алды. Оның үстіне, реагенттердің концентрациясы (шыққан өнімдегі құмды алып тастағандағы мәні бағдармен көрсетілген) өте төмен болуына байланысты құмның ілесіп шығуы байқалған (битумның соңғы шығуының 10 %-на дейін). Сілтілік қоспа мен беттік белсенді заттарды бірлесе пайдалануды полярлық компоненттерінің құрамы төмен мұнай өнімдерін алу үшін ұсынуға болады.

Қатты фаза (ластанған топырақ) табиғатының мұнай өнімі шығуының динамикасына ықпалы бар. Мұнай өнімі шығуының жылдамдығы қатты фаза бөлшектерінің дисперстілігіне айтарлықтай деңгейде тәуелді. Алайда қатты фаза табиғатының ықпалы, атап айтқанда топырақ түрінің (құрамының) ықпалы зерттелмеді, ал жұмыстар құм-мұнай өнімі модельдік жүйелерінде өткізілді. Мұнаймен және мұнай өнімдерімен ластанған топырақтарды тазартуға байланысты экологиялық мәселелердің өзектілігі қатты фаза табиғатының тазалау тиімділігіне ықпалы туралы мәселені зерттеуді талап етеді. Құрамындағы топырақ түрлері әртүрлі (лай, қара топырақ, саз, әктас) мазуттың модельдік қоспалары дайындалды. Олардағы мазут құрамы массаның 14-15 %-ын құрады. Әрбір қоспаның үлгісі натрий силикатының концентрациясы массаның 6 %-ын құрайтын натрий силикаты бар жұмыс ерітіндісінде ультрадыбыспен өңделді. Кейбір тәжірибелердің нәтижелері кестеде көрсетілген.

Әртүрлі топырақтардан мазуттың шығуы. Әрбір қоспаның үлгісі натрий силикатының концентрациясы массаның 6 %-ын құрайтын натрий силикаты бар жұмыс ерітіндісінде ультрадыбыспен өңделу кезіндегі тәжірибелерінің нәтижелері

Құмды топырақ												
мин	0,3	0,7	0,9	10,2	10,5	10,8	20	20,2	20,4	30,5	40	42
Шығуы, %	15	40	50,5	50,75	60,25	60,90	70,15	80,10	80,15	80,25	80,45	80,35
Су-лайлы топырақ												
мин	0,8	10,3	20	20,7	30	40,2	50,5	60,4	70,10	80	90,5	100,7
Шығуы, %	0,25	0,30	0,45	0,40	0,45	0,50	0,55	0,57	0,73	0,85	0,90	10
Қара топырақты жер												
мин	0,75	10	10,5	10,75	20	20,25	20,75	30	30,5	40	40,5	42
Шығуы, %	0,60	0,70	0,85	10	13	14	15	16	18	20	21	21,2
мин	50,5	60,25	70,25	80	90	100,5	110,5	120,5	130,5	140	150	200
Шығуы, %	22	23	24	25	26	27	30	32	33	35	36	36,5

Кестеден көріп тұрғанымыздай, құмды топырақты тазалау әлдеқайда тиімді болып тұр. Сазтопырақтан мұнай өнімінің шығу жылдамдығы төмен және аз мөлшерде шығады. Бұл осы топырақ түрінде кездесетін ұсақ дисперсті қатты фазаның үлесі (ең алдымен саздың) көп болатындығымен байланысты. Мұнай өнімінің бір бөлігі (20 %-ға дейін) тәжірибе аяқталған соң ұзақ уақыт тұндырған кезде, саз топырақтан қосымша шығып кетті. Қара топырақ тазартуға бәрінен де нашар беріледі, өйткені құрамында органикалық қоспалар мөлшері (қарашіріктің мөлшері 5-тен 10 %-ға дейін) көп, сондықтан сулы жұмыс режимінде оларды мұнай өнімінен ажыратып алу мүмкін емес.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Надиров Н.К. Проблемы комплексной переработки и использования нефтесульфидных пород и высоковязких нефтей. Нефтесульфидные породы (достижения и перспективы). – Алма-Ата: Наука, 1998. – С. 3-14.
2. Якубов М.Р. Возможности использования углеводородных растворителей для добычи тяжелых нефтей и природных битумов / М.Р. Якубов, Г.В. Романов, С.Г. Якубова // Интервал. – 2007. – № 10. – С. 42-45.
3. Промтов М.А. Кавитационная технология улучшения качества углеводородных топлив // Химическое и нефтегазовое машиностроение. – 2008. – № 2. – С. 6-8.
4. Мэйсон Т. Химия и ультразвук / Т. Мэйсон, Дж. Линдли. – М.: Мир, 1993. – 244 с.
5. Abramov O.V., Abramov V.O., Gradov O.M., Myasnikov S.K., Veksler G.B. High Power Ultrasound in Processes of Remediation of Soil Contaminated by Oil // Proceedings of the 10th Meeting of the European Society of Sonochemistry. – Hamburg: Germany, 2006. – № 4. – P. 49.

Получено 12.10.2015

ӘОЖ 665.6;665:77

М.М. Есіркепова, А.М. Есіркепова, Ж.А. Қарабаев

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент қ.

**БИТУМДАЛҒАН ҚҰМНАН БИТУМ МЕН МҰНАЙ ӨНІМДЕРІН БӨЛІП АЛУ КЕЗІНДЕГІ МОДЕЛЬ
КОЭФФИЦИЕНТТЕРІН АНЫҚТАУ ӘДІСТЕМЕСІ**

Жаңа технологияларды әзірлеу кезінде бөлу, тазарту процестері маңызды орын алады. Аталмыш процестер көп мөлшерде энергияны талап етеді және қатерлі операцияларға жатады. Заманауи бөлу процестері энергия шығындарын аса арттырмай және қатаң экологиялық талаптарды сақтай отырып, соңғы өнімге қойылатын күннен-күнге өсіп келе жатқан талаптарды қанағаттандыра білуі керек [1]. Осы мәселелерді шешу бөлудің жаңа әдістерін әзірлеп, қолда барларды жетілдіруді қажет етеді. Атап айтар болсақ, тұтқыр мұнай өнімдерінен тұратын қатты бөлшектер қоспасы бар мұнай құрамдас гетерогенді жүйелер әдісін жетілдіру керек.

Қазіргі таңда мұнай мен мұнай өнімдерінің әлемдік экономикадағы ролін қайта бағалау қиын. Мұнай ресурстары кез келген мемлекеттің отын-энергетикалық қана емес, химиялық кешенінің де дамуын білдіреді [2-3]. Негізгі органикалық және мұнай-химия синтезі негізінен пайдалы қазба шикізатының осы түрімен қалыптасады.

Табиғи мұнайлы жыныстардан органикалық бөлікті бөліп алу және өңдеу мәселесімен бірге аса маңызды экологиялық міндет - адамдардың іс-әрекеті нәтижесінде мұнаймен және мұнай өнімдерімен топырақты тазарту мәселесі тығыз байланыста екенін атап өтуіміз керек. Өкінішке орай, мұнайдың төгілуі мен топырақтың мұнай өнімдерімен ластануының барлық тірі ағзаларға тигізіп отырған кері салдарын жиі байқаймыз.

$M = [\exp(kt) - 1] / [\exp(kt) + k/k_1 - 1]$ тендеуінде k - өлшеусіз коэффициент, ол өз кезегінде бөлінетін қоспа компоненттерінің қасиеттеріне тәуелді, ал бастапқы индукциялық кезеңнің ұзақтығын анықтайтын n мәнінің шамасы әсердің қуаттылығына, битум мен жұмыстық ерітіндінің қасиеттеріне тәуелді. $n = 0$ болған жағдайда, тежелу мүлдем жоқ және $M = [\exp(kt) - 1] / [\exp(kt) + k/k_1 - 1]$ тәуелділігі компоненттің саңылаулы денеден ерітіндіге шығуының қарапайым тендеуінің түріне енеді. Мұндай тәуелділікті басқа да гетерогендік жүйелердің бөліну кинетикасын сипаттау үшін де пайдалануға болады, осы орайда ультрадыбыстық әсерді пайдалану міндетті емес (жүйеге ендірілетін энергияның қуатын

білген жеткілікті, мысалы араластырғыштың жұмыс қуаттылығын).

Мұнай құрамдас гетерогенді жүйенің, жұмыс ерітіндісінің қасиеттерінің ықпалы және k және n коэффициенттерге бөліну шарттары тәжірибеден анықталады және эмпирикалық тәуелділіктермен сипатталуы мүмкін. Мұндай тәуелділіктер қолда барда мұнай өнімін алудың белгіленген дәрежесін және өнімділігін, энергияның шығыны аз жұмсауын қамтамасыз ететін шарттарын анықтай отырып, бөліну процесін тиімділендіруді жүргізуге болады.

Көптеген тәжірибелердің нәтижесінде бөлінудің және мұнай өнімі шығуының тиімділігіне едәуір ықпал ететін негізгі факторлар анықталды: 1 - мұнай өнімінің физика-химиялық қасиеті (тұтқырлық, тығыздық); 2 - қатты фазаның қасиеттері (дисперстілік, меншікті бет және оның жағдайы); 3 - фазааралық қасиеттер (жұмыс ерітіндідегі реагенттің табиғаты мен концентрациясына байланысты фазааралық тартылыс); 4 - жұмыстық параметрлер (жұмыс ерітіндісінің температурасы және түзілетін суспензиялар); 5 - сыртқы әсердің қарқындылығы (араластырушы қондырғының немесе ультрадыбыстық әсердің қуаты).

Адгезия күшінің әсерінен пайда болатын қатты бөлшектердегі оларды қоршап тұрған тұтқыр сұйықтыққа қатысты ұстап тұру қасиеті мұнай өнімі мен бөлшектердің меншікті бетінің тұтқырлығы артуымен жоғарылай түседі. Тіркелген массаның немесе көлемнің барлық бөлшектерінің жалпы беті олардың өлшемі азайған сайын (d бір өлшемдегі бөлшектер үшін $1/d$ шамасына пропорционалды) көбейе түседі. Онымен қоймай, бөлшектер өлшемінің төмендеуімен өңделіп жатқан ортадағы кесектердің микросызаттары мен тесіктерінің ені азаяды. Сөйтіп, оларға реагент ерітіндісі мен ультрадыбыстық тербелістердің енуін қиындатады. Сондықтан да әртүрлі қоспалардан мұнай алу жылдамдығы оның тұтқырлығына μ кері пропорционалды және бөлшектер өлшемі $\sim d^m$ жоғарылаған сайын арта түседі. Мұнай өнімдерінің тұтқырлығы да, қатты фаза бөлшектерінің өлшемдері де өте кең диапазонда өзгере беретіндіктен, онда бөліну нәтижесі осы параметрлерге өте күшті тәуелділік жағдайында олардың қатынасының кері бағытқа қарай өзгеруінің салдары өте нашар болуы мүмкін. Мысалы, битумның тұтқырлығы мұнайдың тұтқырлығына қарағанда мың есе жоғары болуы мүмкін. Соған сәйкес мұнайды бөлу жылдамдығы да айтарлықтай төмен болады. Мысалы, тұтқырлығы төмен мұнай жанадан дайындалған құмы бар қоспадан бірінші минуттардан бастап, тіпті $T = 300$ К болған кезде де бөліне береді, ал битум мұндай температурада алынбайды. Белгілі бір уақыт аралығында кварцты құм қоспасынан мұнай өнімін алу дәрежесі η үшін біз $\eta = 3 \cdot 10^{-3} d^{3/2}$ мәнін тауып шығардық. Өлшемдерінің диапазоны кең минералды бөлшектерге жүргізілген тәжірибе көрсеткендей, біршама ұсақ бөлшектер мұнай өнімін көбірек мөлшерде ұстап қалады. Сонымен қатар бөлшектері ірілеу мұнайлы қоспаларда осындай өлшемдегі бөлшектердің болуы оларды мұнай өнімдерінен тазартуды да нашарлатады. Бөлшектерінің диаметрі $d = 0,25$ мм болатын құмдары бар мазуттың модельдік қоспаларына тәжірибелер жүргізілді. Оларға орташа өлшемдері 10-20 мкм болатын әктастың 10 мас. % бөлшектерін қосты. Нәтижесінде бөліну процесінің ұзақтығы 3 есеге ұзарды, ал мазуттың шығуы 79 %-ға дейін төмендеді. Ұсақ дисперсті бөлшектер ірі бөлшектер арасындағы аралықты толтырады және меншікті бетінің үлкен болуының арқасында мұнай өнімінің айтарлықтай бөлігін өзіне ұстап тұрады. Ластануларды бөлшектер бетінен дұрыстап алып тастау үшін, кавитациялық микросызықтарға тән өлшем d шамасымен бір ретте болуы керек. Кавитациялық көпіршіктердің коллапсы кезінде микросызықтардың орташа өлшемі ондаған микронға бағаланады. Микрондық өлшемдердің бөлшектері кезінде, әсіресе олардың формасы дұрыс болмаса (диатомит, окалиннің), ультрадыбыстық әсер тиімсіз.

Мұнай өнімінің қалқып шығатын тамшыларының тығыздығы да оның шығуына әсер етпей қоймайды. Көптеген мұнай өнімдерінің тығыздығы суға қарағанда төмен. Тіпті көптеген битумдардың тығыздығы қыздырған кезде дәл осы температурадағы сумен салыстырғанда (кеңеюдің әртүрлі температуралық коэффициенттерінің арқасында) әлдеқайда төмен. Алайда флотация кезінде тіпті біршама ауыр битумдық тамшылар ауаның көтерілетін көбіктеріне жабысып қалады және олармен бірге бетке шығады. Ультрадыбыстық әсер тағы да жыныстан және сулы ортадан газдың бөлінуіне ықпал етеді, сондықтан мәжбүрлеп флотация жасамаған күнде де, ауыр битумды ажыратып алуға болады.

Процестің кинетикасына жұмыс ерітіндісінің температурасы айтарлықтай әсер етеді. Жұмыс ерітіндісі температурасының әсері, негізінен, мұнай өнімінің тұтқырлығы мен тығыздығының сәйкесінше өзгеруімен анықталады. Температураның жоғарылауымен әртүрлі мұнай құрамы бар қоспалардан бөлу жылдамдығы экспоненциалды заң бойынша өзгереді. Битумдалған құмнан құмның және құмы бар модельдік қоспадан мазуттың максималды шығу уақытының тәуелділіктері, тұтқырлықтың температуралық тәуелділігі сияқты, мына түрде $t = A \exp(B/T)$ болады. Осы орайдан біршама тұтқыр битумның B коэффициентінің мәні мазутқа қарағанда жоғары. Ультрадыбыс бөлінудің гидромеханикалық және массаалмасу процестерімен байланысты маңызды сатыларын едәуір деңгейде жандандырады. Ультрадыбыстық әсердің меншікті қуатының N артуымен және араласудың кавитация мен қарқынының сәйкесінше күшеюімен мұнай өнімдерін алу жылдамдығы артады (бірінші жуықтауда $k \sim N$).

Фазааралық қасиеттер, реагенттің табиғаты мен концентрациясының оларға ықпалын эксперименттік зерттеу, негізінде, әртүрлі сілтілік реагенттерге (силикат, карбонат және натрий гидроксиді) арналған, процесті жүргізгенде пайдаланылатын екі жұмыстық диапазон анықталды. Бірінші диапазон кезінде $C=0,005-0,01$ моль/л реагент шығыны аз және алудың бастапқы жылдамдығы жоғары, ал екінші диапазон $C = 0,2-0,5$ моль/л болғанда, мұнай өнімі тамшыларының қатты бөлшектерді ілестіріп шығуы төмен болады.

Тәжірибелердің көпшілігінде жұмыстық орта ретінде $0,5$ моль/л концентрациялы натрий силикатының ерітіндісі пайдаланылды. Бұл кезде негізгі параметр температура T , қатты бөлшектердің (құмдардың) орташа өлшемі d және әсердің меншікті қуаттылығы N болып қала береді. Ультрадыбыстық әсер үшін біршама ыңғайлы өлшенетін шама тербелістік араластырудың амплитудасы ξ болып табылады, ол жүктемеге ендірілетін әсердің меншікті қуаттылығымен N байланысты. Эксперименттік мәліметтерді өңдеу нәтижесінде битум-құм жүйесі үшін келесі эмпирикалық тәуелділік алынды:

$$k = \xi (16,7 \ln d + 87) \exp[0,0755(T - 340)], \quad (1)$$

бұл жерде ξ және d мм-мен берілген. n шамасы $n = 2-4$ диапазонында дискретті өзгереді (есептік және тәжірибелік мәліметтерді салыстыру негізінде $k > 0,4$ үшін $n=2$; $0,1 < k < 0,4$ үшін $n=3$; $k < 0,1$ үшін $n = 4$ ұсынуға болады).

Қиын жағдайларға арналған есептердің мысалдары: жақсы және нашар бөліну.


1) әсер ету қуаттылығы 400 Вт және $\xi = 15$ мкм ультрадыбыстық зонды бар реактор, $T = 345$ К, ірі құмдарының диаметрі $d = 1$ мм битум қоспасы. Сонда алатынымыз $k = 1,9$ және $n = 2$ болғанда битумның толық шығуына $4-5$ минут жеткілікті;

2) қуаттылығы 60 Вт және $\xi = 3$ мкм ультрадыбыстық ванна, $T = 335$ К және ірі құмдарының диаметрі $d = 0,03$ мм битум қоспасы. Сонда шығатыны $k = 0,0584$ және $n = t$ болады.

Екі жағдай үшін де битум шығуының кинетикасы 1-суретте көрсетілген.

(1) теңдеуден шығатыны, $16,7 \ln d = -87$ болғанда, $k = 0$ болады. Бұл зерттеліп отырған параметрлердің өзгеруі диапазон шеңберінде бөлінудің мүмкін емес екендігін

білдіреді. Бұл шарт $\ln d = 5,22$ немесе $d = 0,0056$ мм = 5,5 мкм мәніне сәйкес келеді. Қатты бөлшектердің минималды өлшемдерінің мұндай мәні жоғарыдағы кавитациялық микросызықтар өлшемдері негізінде алынған мәліметтерге сәйкес келеді. k шамасының температураға тәуелділігі битум тұтқырлығының температураға тәуелділігі деген белгілі экспоненциалды тәуелділікке сәйкес келеді (егер температура 10 градусқа жоғарылағанда тұтқырлық 2 есеге дейін төмендесе, онда k екі есе артады). Сондықтан да сондай шартпен тұтқырлығы аздау мазут алу үшін 2-3 есе аз уақыт қажет болады немесе дәл сондай уақыт қажет, бірақ жұмыс температурасы 10-15 градусқа төмен болғанда. Алынған тәуелділіктерді бөліну тиімділігін алдын ала бағалау үшін және қажетті өнімділікті қамтамасыз ететін жұмыс параметрлерін таңдау барысында пайдалануға болады. Бөліну тиімділігін және олардың алу жылдамдығы мен мұнай өнімінің шығуына ықпал ету дәрежесін белгілейтін параметрлерді анықтау арқылы бөлу процесінің технологиялық режимі жөніндегі бірқатар ұсыныстарды әзірлеуге мүмкіндік туды. Тәжірибелерде пайдаланылған мұнайбитумдалған құм үшін бөлудің келесі режимі ұсынылады: жұмыс температурасы 40-50 °С (тұтқырлықты 2-3 Па деңгейге жеткізу үшін), жұмыстық орта натрий силикатының 0,5 мол. % концентрациясымен өңделген ерітінді, шикізатты мүмкіндігінше алдын ала жылы жұмыс ерітіндісіне батырып алу, бөліну процесінің ультрадыбыстық реактордағы ұзақтығы шамамен 10 мин (пульпаларды статистикалық реакторда ультрадыбыстық үздіксіз өңдеу мүмкін немесе сәулелендіру зонасында кемі 1-2 минут уақыт болып, қуаттылығы 3-4 кВт ағындық реакторда үздіксіз өңдеу). Зертханалық тәжірибелер мен ірілендірілген ауқымдағы жекелеген ультрадыбыстық түйіндерді сынаудың нәтижелері бойынша әртүрлі мұнайқұрамдас қоспаларды бөлуге арналған әмбебап құрастырылған қондырғының сызбасы ұсынылды.




1-сурет - Жақсы және нашар бөліну жағдайындағы битум шығуының есептелген динамикасы

Жүргізілген зерттеулер мен әдеби мағлұматтарды талдау нәтижесінде табиғи жыныстардан, ластанған топырақтардан, өнеркәсіптік қалдықтардан мұнай және мұнай өнімдерін бөлудің механизмдері мен физикалық қағидалары бір-бірінен айтарлықтай айырма-

шылығы жоқ екендігі және осы маңызды мәселелердің техникалық ауқымы бір-біріне сәйкес екендігі анықталды. Сондықтан да оларды шешу әдістері, әзірленген технологиялар мен қондырғылар айтарлықтай әмбебап сипатқа ие және көп мақсатта пайдалануға қолайлы. Мұнайлы жыныстардан және ластанған топырақтардан мұнайдың бөлінуінің дәстүрлі технологияларында гидродинамикалық, жылулық және химиялық әсерлер пайдаланылады. Қуатты ультрадыбыстың бойында әсер етудің жоғарыда айтылған барлық мүмкіндігі белгілі бір дәрежеде бар. Ол сұйық ортаны немесе суспензияны қыздырып және қарқынды қозғап кавитация тудырады, сондай-ақ химиялық және жылуалмасу процестерін жандандырып, қарқындата түседі. Сондықтан да қатты-сұйық қоспаларды бөлудің ультрадыбыстық технологиясы мен оларды басқа әдістермен үйлестіру дәстүрлі процестерді сәтті алмастырған болар еді. Қуатты ультрадыбыстық ағындық жүйелерді қалыптастыру саласындағы жетістіктер жартылай өнеркәсіптік (мобильдікті қосқанда) және өнеркәсіптік ауқымдағы өнімділігі жоғары бөлу қондырғыларын әзірлеуге жол ашады.

Қуаттылығы 60 Вт болатын ультрадыбыстық ванналарда жүргізілген біздің тәжірибелерімізде бөлінген соң кейде реактордың түбінде жататын таза ашық құмның ортасында асфальт тәріздес қара кесектер байқалды. Осы дәйектерді негізге ала отырып, ультрадыбыстың битумдалған құмнан алынатын битумның тығыздығына әсерін зерттеу туралы шешім қабылданды. Битумның екі үлгісінің тығыздықтары салыстырылды: біріншісі, тек қыздыру және механикалық араластыруды пайдаланып алынған, екіншісі, қуаттылығы орташа ультрадыбыстық әсердің ықпалымен алынған (генераторының қуаттылығы 160 кВт ультрадыбыстық зонд).

2-суретте дистильденген су тығыздығының температураға тәуелділігінің қисығы көрсетілген.



2-сурет – Әртүрлі тәсілдермен алынған битум фракциясының тығыздықтарын салыстыру

Осы қисық бойынша қандай температурада осы фракцияның үлгісі бата бастады және нәтижесінде су құйылған ыдыстың түбіне шөге бастады деген ойды негізге ала отырып, битумның әрбір фракциясының жуықтық тығыздығы анықталды. Суреттен көріп отырға-

нымыздай, қыздыру мен механикалық араластырудан кейін алынған битум фракциясының үлгілері қуатты ультрадыбыстың әсерімен өңделген (51,5 °С) битум фракциясының үлгілерімен салыстырғанда біршама төмен температура кезінде (28,5 °С) судың түбіне батқан. Бұдан шығатын қорытынды: екінші үлгінің тығыздығы бірінші үлгінің тығыздығымен салыстырғанда әлдеқайда төмен. Мысалы, қаныққан көмірсутегілер қатарында тығыздықтың бұлай өзгеруі көміртегілік атомдар мөлшерінің 1-2-ге азайғандығын білдіреді. Битум үлгілерінің тығыздықтарындағы айырмашылық аса көп болмағанына қарамастан (1 % шеңберінде), қуаттылығы орташа ультрадыбыс химиялық реакцияның арқасында аралас процесте алынатын битумға қайсыбір фракциялағыш әсер етеді деген тұжырым жасауға болады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Алемасов В.Е. Комплексное освоение природных битумов и высоковязких нефтей. – Казань, 1992. – 318 с.
2. Газизуллин Р.Г. Технологические основы рудничной разработки и комплексной переработки битуминозных пород. – Казань: Плутон, 2002. – 391 с.
3. Надиров Н.К. Проблемы комплексной переработки и использования нефтебитуминозных пород и высоковязких нефтей. Нефтебитуминозные породы (достижения и перспективы). – Алма-Ата: Наука, 1998. – С. 3-14.

Получено 12.10.2015

УДК 004.056

М.Н. Жекамбаева

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті, Алматы қ.

АҚПАРАТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК ҚАТЕРІН БАҒАЛАУ АМАЛДАРЫНЫҢ ТАЛДАУЫ

Бүгінгі күні қауіпті талдау мен бағалау үшін ақпараттық жүйелерде қолданылатын айтарлықтай кең ауқымды стандарттар, әдістемелер, әдіснамалар мен әдістер бар, бұлардың жалпы жиынтығын қауіпті бағалау мен талдау амалдары (ҚБТА) деп атаймыз. Жұмыста [1] қауіп талдауының түсінігі келтірілген әрі қауіптің сипаттама қорының кортежді моделі берілген (ҚҚМ). Осының негізінде қауіптің кортежді моделін есепке алғанда [1], ҚБТ-дың құрал-саймандық программалық амалдары талданған, ал ұсынылған тәсіл ҚҚМ-не біршама сәйкесінше қауіпті бағалау мен талдау амалдарын зерттеу процесін бірыңғайлауға және оларды таңдауды жүзеге асырудың тиімділігін жоғарылатуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар сай келетін талдау жүргізілмегендіктен қауіптің сипаттама қорының тізбегі анықталмаған, осыған ұқсас бірнеше амалдар да бар.

Осыған байланысты берілген жұмысымыздың мақсаты бар қауіпті бағалау мен талдау амалдарының (1-тәсілде ұсынылғанды қолданумен) сипаттама қор тізбегін анықтау үшін, кең спектрлік зерттеу өткізу арқылы осындай амалдардың салыстырмалы талдауын жүзеге асыру болып табылады. Бұл ақпараттық қауіпсіздік саласындағы тапсырманы шешудің тиімділігін жоғарылатады. Зерттеудің бастапқы материалы түрінде бірнеше қауіпті бағалау мен талдау амалдары практикасында қолданылатындар: NIST 800-30, VAR, TRA, FRAP, BSI-Standard 100-3, PC БР ИББС-2.2-2009, байестік желілер негізіндегі әдіс.

Қауіпті бағалау мен талдаудың 1 амалы - байестік желілер негізіндегі әдіс (БЖӘ) [2]

